

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде қызметтер көрсетудің бірыңғай нарығын қалыптастыру ырықтандыру жоспарларына сәйкес (өтпелі кезең ішінде) жүзеге асырылатын қызметтер көрсету секторларының (кіші секторларының) тізбесін бекіту туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2015 жылғы 16 қазандағы № 30 шешімі.

Қызметтер көрсету саудасы, инвестициялар құру, қызметі және инвестицияларды жүзеге асыру туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 16 қосымша) 42-тармағында көзделген ырықтандыру жоспарларын дайындау мақсатында, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 10 қазандағы шартқа № 3 қосымшаның 59-тармағына сәйкес, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырдағы хаттамаға № 1 қосымшаның 63-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссияның ақпаратын назарға ала отырып, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес шешті:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде қызметтер көрсетудің бірыңғай нарығын қалыптастыру ырықтандыру жоспарларына сәйкес (өтпелі кезең ішінде) жүзеге асырылатын қызметтер көрсету секторларының (кіші секторларының) тізбесі бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтері Еуразиялық экономикалық комиссиямен бірлесіп, 2016 жылғы 1 сәуірге дейін осы Шешіммен бекітілген тізбеде көрсетілген қызметтер көрсету секторларының (кіші секторларының) бірыңғай нарығы қалыптастырылатын нақты мерзімдерді (өтпелі кезеңді) көрсете отырып, ырықтандыру жоспарларын дайындасын.

3. Еуразиялық экономикалық комиссия 2016 жылғы 1 шілдеге дейін осы Шешімнің 2-тармағында көрсетілген ырықтандыру жоспарларын Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің қарауы үшін ұсынсын.

4. Еуразиялық экономикалық комиссияның кеңесі осы Шешімді іске асыру мақсатында осы Шешіммен бекітілген тізбеде көрсетілген қызметтер көрсету секторларында (кіші секторларында) жұмыс топтарын құрсын.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:

**Армения
Республикасынан**

**Беларусь
Республикасынан**

**Қазақстан
Республикасынан**

**Қыргыз
Республикасынан**

**Ресей
Федерациясынан**

**Жоғары Еуразиялық
экономикалық кеңестің
2015 жылғы 16 қазандығы
№ 30 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН**

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде қызметтер көрсетудің бірынғай нарығын қалыптастыру ырықтандыру жоспарларына сәйкес (өтпелі кезең ішінде) жүзеге асырылатын қызметтер көрсету секторларының (кіші секторларының) ТІЗБЕСІ

1. Азаматтық құрылымыс объектілерін салу жөніндегі жалпы құрылымыс жұмыстары (тоннельдер, көпірлер, құбыржолдар, байланыс желілері) (СРС-тан 54210, 54220, 54230, 54241, 54242, 54251, 54252, 54260, 54310, 54320, 54330, 54342 және 54800)* мына бөлікте:

1) теміржолдарды және әуеайлақтарда ұшу-қону жолақтарын салу жөніндегі құрылымыс жұмыстары:

теміржолдарды салу бойынша, оның ішінде балласт пен рельс жолын төсеу жөніндегі, сілтегіштерді, жолдардың қосылыстары мен қыылыштарын орнату жөніндегі, теміржолдар үшін бақылау және қауіпсіздік жүйелерін құру жөніндегі, фуникулерлер мен аспалы арқан жолдарды салу жөніндегі жұмыстар;

әуеайлақтарда ұшу-қону жолақтарын, оның ішінде жермен жүру жолдары мен ұшақтарға арналған тұрақтарды салу;

теміржолды жаңарту немесе жөндеу бойынша;

жолдарда, автодұрақтарда және ұқсас беткі қабаттарда белгі жасау жөніндегі сырлау жұмыстары;

2) көпірлерді, жер үстіндегі автомагистральдарды, тоннельдер мен жерасты жолдарды салу жөніндегі жалпы құрылымыс жұмыстары:

автомагистральдар, тас жолдарын, теміржолдар мен әуеайлақтарда ұшу-көтерілу жолақтарын салу бойынша;

сумен байланысты;

тік болат арматура орнату бойынша;

3) гаваньдарды, су жолдарын, бөгеттерді, суару жүйелерін және басқа да су шаруашылығы құрылымыстарын салу жөніндегі жалпы құрылымыс жұмыстары:

гаваньдарды, әуесқойлық кемелерге арналған арнайы айлақтарды, жағалауларды, пирстарды, айлақтарды, доктарды және ұқсас порт құрылымыстарын салу бойынша;

бөгеттерді, арналарды, суару арналары мен аведуктарды салу бойынша;

шлюздерді, су ағызғыштарды, мойнақтарды, көтергіш құрылғыларды, құрғақ доктарды, слиптарды, бөгендерді және басқа да гидромеханикалық құрылыштарды салу бойынша;

су түбін терендету жұмыстары, тастар мен лайды шығару жөніндегі жұмыстар және сумен байланысты басқа да құрылыш жұмыстары;

су астындағы жұмыстар (сұңгуірлер, аквалангистер мен басқа да техникалық мамандар орындаитын) және әртүрлі инженерлік-гидрологиялық қызметтер көрсету;

гаваньдарды, су жолдарын, бөгеттерді, суару жүйелерін және басқа да су шаруашылығы құрылыштарын жөндеу бойынша;

4) магистральдық құбыржолдар салу жөніндегі жалпы құрылыш жұмыстары, оның ішінде мынадай жұмыстар:

мұнайды немесе газды тасымалдау үшін жерусті, жерасты немесе суасты магистральдық құбыржолдарын салу бойынша;

мұнайды немесе газды тасымалдауға арналмаған жерусті, жерасты немесе суасты магистральдық құбыржолдарын салу бойынша;

сумен жабдықтау, сарқынды суды немесе жаңбыр суын ағызып әкету үшін магистральдық құбыржолдар салу бойынша;

5) магистральдық байланыс желілерін және энергетикалық (кабелдік) желілерді салу жөніндегі жалпы құрылыш жұмыстары, оның ішінде мынадай жұмыстар:

магистральдық электр беру желілерін, оның ішінде теміржолдар үшін салу бойынша;

суасты немесе жерасты магистральдық электр беру желілерін салу бойынша;

жерусті магистральдық электрлік байланыс желілерін салу бойынша;

суасты немесе жерасты магистральдық электрлік байланыс желілерін салу бойынша

;

магистральдық байланыс желілерін және энергетикалық (кабелдік) желілерді жөндеу бойынша;

6) жергілікті құбыржолдарды салу жөніндегі жалпы құрылыш жұмыстары:

жергілікті су құбыры және кәріз құбыржолдарын, оның ішінде сорғы станциялары сияқты олармен байланысты қосалқы құрылыштарды салу бойынша;

ыстық су беруге арналған жергілікті құбыржолдарды салу бойынша;

жергілікті газ құбырлары мен бу құбырларын, оның ішінде олармен байланысты қосалқы құрылыштарды салу бойынша;

7) жергілікті кабелдерді төсеу және олармен байланысты құрылыштарды құру жөніндегі жалпы құрылыш жұмыстары:

жергілікті электр беру желілерін, оның ішінде жергілікті шекара шегінде бөлуге арналған трансформаторлық станциялар мен кіші станциялар сияқты қосалқы құрылыштарды салу бойынша;

жергілікті байланыс желілерін құру бойынша, оның ішінде беруші құрылғылардың мұнараларын салу сияқты қосалқы жұмыстар;

жергілікті шекара шегінде бөлуге арналған антенналар мен трансформаторлық станцияларды салу бойынша;

кабелдік телевизияның жерасты желілерін төсөу жөніндегі құрылышы жұмыстары; жергілікті кабел желілерін жөндеу бойынша;

8) кен өндіру және өндіу өнеркәсібінің кәсіпорындарын салу жөніндегі жалпы құрылышы жұмыстары:

электр станцияларының барлық түрлерін салу бойынша;

кен өндіру және өндіу кәсіпорындарын (мысалы, тиесу-түсіру станцияларын, шахта ұнғыларын, химия кәсіпорындарын, шойын құю өндірістерін, домна және кокс пештерін) салу бойынша;

кен өндіру және өндіу өнеркәсібінің кәсіпорындарын жөндеу бойынша;

9) құрылыш алдындағы жұмыстар, арнайы құрылыш жұмыстары, ғимараттарды бұзу жөніндегі жұмыстар және құрылыш жабдықтарын операторымен бірге жалға алу (күрделі құрылыштың ерекше қауіпті және техникалық тұрғыдан күрделі объектілеріне қатысты, сондай-ақ мәдени мұра объектілерін (тарих және мәдениет ескерткіштерін) сақтауға байланысты қызметтер көрсетуді қоспағанда), мына бөлікте:

экскавация қызметтерін көрсету және жер қазу жұмыстар;

кәріз жүйесінің құрылыштары.

2. Күрделі құрылыштың ерекше қауіпті және техникалық тұрғыдан күрделі объектілеріне және мәдени мұра объектілерін (тарих және мәдениет ескерткіштерін) сақтауға қатысты инженерлік салаларда қызметтер көрсету (СРС-тан 8335 және 8339)* мына бөлікте:

1) жобалау-конструкторлық жұмыстарды орындау және консультация беру;

2) сәулет-жобалау жұмыстары бойынша қызметтер көрсету.

3. Автомагистральдармен, көшелермен, жолдармен, теміржолдармен, ұшу-қону жолақтарымен, көпірлермен, жерусті және жерасты автомагистральдармен, тоннельдермен және гаваньдармен, су жолдарымен, байланыс желілерімен және энергетикалық желілермен, құбыржолдармен және кабелдермен әрі олармен байланысты құрылыштармен байланысты инженерлік салаларда кешенді қызметтер көрсету (СРС-тан 83312)*.

4. Күрделі құрылыштың ерекше қауіпті және техникалық тұрғыдан күрделі объектілеріне және мәдени мұра объектілерін (тарих және мәдениет ескерткіштерін) сақтауға қатысты қала құрылышын жоспарлау саласында қызметтер көрсету (СРС-тан 8322)*, мыналарды қоса алғанда:

1) жер пайдалану бағдарламаларының жобаларын әзірлеу бойынша;

2) жол жүйелерін орналастыру, бақылау мен пайдалану және жер участкеріне қызмет көрсету орнын таңдау бойынша;

3) экологиялық салдарға қатысты зерттеулер және қалалардың даму бағдарламаларына бағалау жүргізу бойынша;

4) жер участкерінің жоспарларын, жұмыс сыйбаларын, техникалық шарттарды, жерге орналастыруға арналған шығындар сметаларын, жергілікті жер бедерінің эскиздерін дайындау бойынша;

5) құрылыш жұмыстарының барысын тексеру бойынша қызметтер көрсету.

5. Серуендеу кемелерін операторсыз жалға алу және оның лизингі бойынша қызметтер көрсету (СРС-тан 73240).

6. Жарнама саласында қызметтер көрсету (СРС-тан 83610, 83620, 83631 және 83690) мина бөлікте:

1) жарнама науқандарын жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыру, жарнамалық фильмдер үшін сценарий жазу, жарнамалық объектілерді немесе фильмдерді жоспарлау (өндіріссіз);

2) пошталық жарнама;

3) кітаптарды, брошюралар мен буклеттерді қоса алғанда, жарнамаға арналған орынды сату;

4) баспағердің газеттердегі, журналдар мен мерзімді басылымдардағы жарнамаға арналған орынды сату;

5) баспағер жеткізетін ашықхаттардағы, кестелердегі, бланкілердегі, плакаттар мен басқа да баспа материалдарындағы жарнамаға арналған орынды сату;

6) әуедегі жарнама;

7) үлгілерді және басқа да жарнама өнімдерін жеткізу;

8) сату орындарындағы көрсетілімдер мен таныстырылымдар;

9) өкілдердің тікелей клиенттерге ақпарат және (немесе) тауарлардың үлгілерін ұсына отырып, осындағы қызметтер көрсетуі;

10) тауарлар мен қызметтер көрсетуді өткізуі ынталандыру.

7. Аудит саласында қызметтер көрсету (СРС-тан 82211 және 82212)*.

8. Меншікті немесе жалға алынған жылжымайтын мүлікке байланысты қызметтер көрсету (делдалдардың риелторлық қызметтер көрсетуін қоспағанда) (СРС-тан 72111, 72112, 72121, 72122, 72130 және 72212).

9. Мұлікті бағалау жөнінде қызметтер көрсету (СРС-тан 72240 және 85990).

10. Саяхаттар бюросының және туристік агенттіктердің қызметтер көрсетуі (туроператорлар мен турагенттердің қызметтер көрсетуі) (СРС-тан 67811 және 67812) мина бөлікте:

1) сыйақы үшін немесе шарттық негізде жол жүру билеттерімен қамтамасыз ету, орналастыру және кешенді турларды сату;

2) кешенді турларды ұйымдастыру және өткізу (жолаушылар мен багажды тасымалдау, орналастыру, көрнекі жерлерді тамашалау),
сондай-ақ кешенді тур кезінде ұсынылатын қызметтер көрсету.

11. Техникалық сынау және талдау бойынша қызметтер көрсетеу (зертханалық және жергілікті жерлерде) (өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалау (растай) мақсаттарына арналған жұмыстарды қоспағанда) (СРС-тан83561 – 83564 және 83569)* мынадай қызметтер көрсетеу бөлігінде:

- 1) құрамды және тазалықты тексеру мен талдау бойынша;
- 2) физикалық қасиеттерін тексеру мен талдау бойынша;
- 3) кешенді механикалық және электрлік-техникалық жүйелерді тексеру мен талдау бойынша;
- 4) жол көлік құралдарын техникалық инспекциялау бойынша;
- 5) техникалық тексеру мен талдау бойынша қызметтер көрсетеу.

12. Даладағы жұмыстарды қоспағанда, қатты пайдалы қазбаларды, мұнайды, газды және жерасты суларын іздеуге байланысты геология, геофизика, геохимия және өзге де ғылымдар саласында ғылыми консультациялық қызметтер көрсетеу бөлігінде геологиялық, геофизикалық және басқа да іздеу жұмыстары бойынша қызметтер көрсетеу (СРС-тан83510)*.

13. Жерасты маркшейдерлік түсірілім бойынша қызметтер көрсетеу (СРС-тан83520)*

14. Жерусті маркшейдерлік түсірілім бойынша қызметтер көрсетеу (СРС-тан83530)*.

15. Картография бойынша қызметтер көрсетеу (СРС-тан83540)*.

16. Ауа райы болжамы және метеорология бойынша қызметтер көрсетеу (СРС-тан83550)*.

17. Кино- және бейнефильмдер шығарумен және таратумен байланысты қызметтер көрсетеу (СРС-тан РС 96121 и 96141).

18. Бейнефильмдерді көрсетеу бойынша қызметтер көрсетеу (СРС-тан96152).

19. Есептілік және бухгалтерлік есеп жасау саласында қызметтер көрсетеу (СРС-тан82213, 82219 және 82220) мына бөлікте:

1) клиент беретін ақпарат негізінде қаржылық есептер, кірістер ведомостерін, теңгерімдік ведомостерді, теңгерімдік ведомостер мен шоттарды талдауды жасау (бұл ретте жасалатын есептердің анықтығына кепілдік берілмейді) (кәсіпкерлік қызметке салықтар бойынша декларациялар жасау жөнінде қызметтер көрсетуді қоспағанда);

2) қаржылық есептерді тексеру, бағалау және дайындау;

3) бухгалтерлік кітаптарда коммерциялық операцияларды ақшалай мәнде немесе басқа өлшем бірлігінде жіктеу және тіркеу;

4) қаржылық есептерді дайындаумен бірге ұсынылатын кәсіпкерлік қызметке салықтар бойынша декларациялар жасау (толтыру) жөнінде қызметтер көрсетеу.

20. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және енгізу (СРС-тан81210, 81220, 81230, 81240 және 81290).

21. Мына салалардағы қолданбалы зерттеулер бөлігінде жаратылыстану ғылымдары саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және тәжірибелік әзірлемелер жасау (СРС-тан 81110, 81120, 81130, 81140, 81150 және 81190):

- 1) жылу, жарық, электрлік-магнетизм, астрономия;
- 2) жануарлар, өсімдіктер мен микроорганизмдер каталізі, ферментациясы, физиологиясы және экологиясы;
- 3) құю технологиясы, металлургия, машиналар, электр, байланыс, кемелер, әуе кемелері, азаматтық құрылыш, құрылыш, құпарат;
- 4) агротехника, бақша шаруашылығы, орман шаруашылығы, мал шаруашылығы, балық аулау;
- 5) ауруларды емдеу, профилактикалық гигиена және фармацевтика;
- 6) экология.

* Қазақстан Республикасы үшін 2025 жылдан ерте қолданылмайды (егер ырықтандыру жоспарларында өзгеше көзделмесе).

Ескертпе. Күрделі құрылыштың ерекше қауіпті және техникалық тұрғыдан күрделі объектілеріне:

- 1) атом энергиясын пайдалану объектілері (оның ішінде ядролық қондырғылар, ядролық материалдарды және радиоактивті заттарды сақтау пункттері, радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттері);
- 2) қуаты 150 МВт және одан жоғары жылу электр станциялары;
- 3) метрополитендер;
- 4) авиациялық инфрақұрылым объектілері;
- 5) жалпы пайдаланымдағы теміржол көлігінің инфрақұрылым объектілері;
- 6) Еуразиялық экономикалық одақта мүші мемлекеттің гидротехникалық құрылыштардың қауіпсіздігі туралы заңнамасына сәйкес орнатылатын I және II сыныпты гидротехникалық құрылыштар;
- 7) кернеуі 330 кВ және одан астам электр беру желілері мен электр желісі шаруашылығының өзге де объектілері;
- 8) ғарыш инфрақұрылымының объектілері;
- 9) шағын көлемді, спорттық желкенді және серуендеу кемелерінің тұрағына және оларға қызмет көрсетуге арналған теңіз порты инфрақұрылымының объектілерін қоспағанда, теңіз порттары;
- 10) қауіпті қалдықтар алынатын, пайдаланылатын, өндөлетін, түзілетін, сақталатын, тасымалданатын, жойылатын I және II қауіптілік сыныбының қауіпті өндірістік объектілері;
- 11) балқыманың 500 кг және одан астам ең көп мөлшеріне есептелген жабдықтарды қолдана отырып, қара және тұсті металдардың балқымалары, осы балқымалардың

негізіндегі қорытпалар алынатын, тасымалданатын, пайдаланылатын қауіпті өндірістік объектілер;

12) кен жұмыстары (жару жұмыстарын қолданбай, ашық тәсілмен жүзеге асырылатын кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруді және пайдалы қазбалардың шашыраңқы кен орындарын игеруді қоспағанда), пайдалы қазбаларды байыту жөніндегі жұмыстар;

13) мұнай, газ және мұнай өнімдерінің магистральды құбыржолдары;

14) жоғары қысымы құбыржолдар;

15) жобалық құжаттамасында мына сипаттамалардың тым болмаса біреуі:

бійктігі 100 метрден астам;

аралықтары 100 метрден астам;

20 метрден астам консольдің болуы;

жердің жоспарлы белгісінен 15 метрден астам төменге терендетілген жерасты бөлігі (толық немесе ішінара) көзделген күрделі құрылыш объектілері жатады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК